

## "Мұнай өнімдері" мемлекеттік акционерлік компаниясын құру туралы

### **Күшін жойған**

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1993 жылғы 26 тамыз N 734. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995.03.13. N 248 қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Президентінің "Шаруашылықты басқару органдарының жүйесін жетілдіру туралы" 1993 жылғы 23 маусымдағы N 1291 Жарлығын орындау үшін Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақ мемлекеттік "Қазмұнайөнімі" концернің қосымшаға сәйкес бірлестіктері мен кәсіпорындары негізінде "Мұнай өнімдері" мемлекеттік акционерлік компаниясы (бұдан белгіленген - Компания) құрылсын.

Занда белгіленген тәртіп бойынша өзінің құрамына кірген бірлестіктер мен кәсіпорындардың мемлекеттік мүлкін басқару құқығы Компанияға берілсін. Оларды акционерлендіру дәрежесіне қарай акциялар мемлекеттік пакетін иелену, пайдалану және басқару, Қазақстан Республикасында мемлекет иелігінен алудың және жекешелендірудің Ұлттық бағдарламасында (II кезең) көзделген тәртіппен Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті сататын акциялардың пакетінен басқасы, Компанияға берілсін.

2. Компания Қазақ мемлекеттік "Қазмұнайөнімі" концернің құқылы мирасқоры болып табылады деп белгіленсін.

3. Компанияны құрудың және оның қызметінің негізгі мақсаты Қазақстан Республикасының халық шаруашылығы мен халқын мұнай өнімдерімен жабдықтау деп анықталсын және оған:

мұнай өнімдерін қамтамасыз ету жүйесін дамытуда бірыңғай кредит-қаржы және инвестиция саясатын жүргізу;

мұнай өнімдерін беріп тұруды квоталау мен лицензиялауға қатысу;

мұнай өнімдерін ішкі нарықта сату және жанар-жағар май материалдарын экспортқа беріп тұру процесін реттеу;

мұнай өнімдерін сақтау мен өткізу кезінде экологиялық және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

мұнай өнімдері құбыры көлігінің жүйесін дамыту жүктелсін.

4. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті Қазақстан Республикасының Энергетика және отын ресурстары министрлігімен, Қазақ мемлекеттік "Қазмұнайөнімі" концернімен бірлесіп

Компанияның құрылтай құжаттарын белгіленген тәртіп бойынша бекітсін.

5. Мемлекеттік бірлестіктер мен кәсіпорындардың шегінде, мұнай өнімі құбыры көлігінің кәсіпорындарынан басқасы, акционерлendіруге жатады, бірлестіктердің құрамына кіретін және жеке көлік иелеріне қызмет көрсететін, Қазақстан Республикасының халық шаруашылығы үшін маңызды мәнісі жоқ автомобильге май құятын стансалардың бір бөлігі Қазақстан Республикасында мемлекет иелігіне алудың және жекешелендірудің 1993-1995 жылдарға арналған Ұлттық бағдарламасына сәйкес (шағын жекешелендіру шегінде) жекешелендіріледі.

6. Компания басқармасының тұратын жері Алматы қаласы деп

белгіленсін.

7. Қазақ ССР Министрлер Советінің "Қазақ мемлекеттік "Қазмұнайөнімі" концернің құру туралы" 1990 жылғы 29 желтоқсандағы N 565 қаулысының (Қазақ ССР ҚЖ, 1991 ж., N 6, ст. 44) күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы  
Министрлер Кабинетінің  
1993 жылғы 26 тамыздағы  
N 734 қаулысына  
Қосымша

Мемлекеттік акционерлік "Мұнай өнімдері" компаниясы  
құрамына кіретін бірлестіктер мен кәсіпорындардың

### Т I З I M I

Ақмола мұнай өнімдерімен қамтамасыз ету бірлестігі

"Ақмоламұнайөнімдері", Ақмола қаласы

Ақтөбе мұнай өнімдерімен қамтамасыз ету бірлестігі

"Ақтөбемұнайөнімдері", Ақтөбе қаласы

Алматы мұнай өнімдерімен қамтамасыз ету бірлестігі

"Алматымұнайөнімдері", Алматы қаласы

Атырау мұнай өнімдерімен қамтамасыз ету бірлестігі

"Атыраумұнайөнімдері", Атырау қаласы

Шығыс Қазақстан мұнай өнімдерімен қамтамасыз ету бірлестігі

"Шығыс Қазақстанмұнайөнімдері", Өскемен қаласы  
Жамбыл мұнай өнімдерімен қамтамасыз ету бірлестігі  
"Жамбылмұнайөнімдері", Жамбыл қаласы  
"Жезқазғанмұнайөнімдері", Жезқазған қаласы  
Қарағанды мұнай өнімдерімен қамтамасыз ету бірлестігі  
"Қарағандымұнайөнімдері", Қарағанды қаласы  
Қызылорда мұнай өнімдерімен қамтамасыз ету бірлестігі  
"Қызылордамұнайөнімдері", Қызылорда қаласы  
Көкшетау мұнай өнімдерімен қамтамасыз ету бірлестігі  
"Көкшетаумұнайөнімдері", Көкшетау қаласы  
Қостанай мұнай өнімдерімен қамтамасыз ету бірлестігі  
"Қостанаймұнайөнімдері", Қостанай қаласы  
Маңғыстау мұнай өнімдерімен қамтамасыз ету бірлестігі  
"Маңғыстаумұнайөнімдері", Ақтау қаласы  
Павлодар мұнай өнімдерімен қамтамасыз ету бірлестігі  
"Павлодармұнайөнімдері", Павлодар қаласы

Солтүстік Қазақстан мұнай өнімдерімен қамтамасыз ету бірлестігі "Солтүстік Қазақстанмұнайөнімдері", Петропавл қаласы Семей мұнай өнімдерімен қамтамасыз ету бірлестігі "Семеймұнайөнімдері", Семей қаласы Талдықорған мұнай өнімдерімен қамтамасыз ету бірлестігі "Талдықорғанмұнайөнімдері", Талдықорған қаласы Орал мұнай өнімдерімен қамтамасыз ету бірлестігі "Оралмұнайөнімдері", Орал қаласы Торғай мұнай өнімдерімен қамтамасыз ету бірлестігі "Торғаймұнайөнімдері", Арқалық қаласы Шымкент мұнай өнімдерімен қамтамасыз ету бірлестігі "Шымкентмұнайөнімдері", Шымкент қаласы Мұнай өнімдерімен қамтамасыз етуді автоматтандыру өндірістік бірлестігі "Мұнайөнімінавтоматтандыру", Алматы қаласы "Қазмұнайқұрылышы" жобалау-құрылыш бірлестігі, Алматы қаласы Қостанай мұнай өнімдерін тасымалдау кәсіпорны

"Қостанаймұнайтасымалдау", Қостанай қаласы  
Петропавл мұнай өнімдерін тасымалдау кәсіпорны  
"Петропавлмұнайтасымалдау", Петропавл қаласы  
Орал мұнай өнімдерін тасымалдау кәсіпорны "Оралмұнайтасымалдау",  
Орал қаласы  
"Мұнайприбор" тәжірибе заводы, Алматы қаласы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК